

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 5 қазандағы N 998 қаулысына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 19 қарашадағы N 1184. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.04. N 297 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Астық сатып алу және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 5 қазандағы N 998 қаулысына мынадай толықтыру мен өзгеріс енгізілсін :

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Екінші деңгейдегі банктер берілген несиелерді өтеу үшін түпкілікті заемшылардан түсетін қаражаттың бір апта мерзім ішінде "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамына аударылуын қамтамасыз етеді деп белгіленсін " ;

7 және 8-тармақтар тиісінше 8 және 9-тармақтар болып есептелсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*